

С. Б. ЖҰМАҒҰЛОВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ АЛАШ АРЫСТАРЫ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

(Проблемалық және танымдық мақалалар негізінде)

XX ғасырдың соңғы ширегі тоталитарлық жүйе қысымдағы саяси-әлеуметтік өмірдің тарихи шындығын түбірлі қалпына келтірудегі түбегейлі өзгеріске толы кезең болды. Ол отандық әдебиеттануға әміршіл-әкімшіл саяси идеология зардабын шеккен ұлттық құндылықтардың болмыс-бітімін тұтастықта ашуға, кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Ақын Шөкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» [1], «Қазақ ССР Прокуратурасында» [2], «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» [3], «Міржақып (Мир-Якуб)

Дулатов» [4] және әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930–1940 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы түбегейлі жол ашты [5]. Сталинизмнен өрістеген тарихтың «ақ таңдақтар» атанған ауыр зардаптарын объективті тануға соны серпін берген аталған құжаттар Алаш арыстары мұрасын жариялау және зерттеуді отандық ғылымның басты нысаны, өзекті мәселесі етіп қойды. Тарихи мәні зор құжаттарда: «Шөкәрімнің өдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, өсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. Жалпы алғанда оның творчестволық мұрасы мол да, мағыналы және ол XIX және XX ғасыр-

дың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдардағы «үнсідік» пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» [1], «Қазақстандағы Алаш буржуазиялық-ұлтшылдық партиясы мен Алашорда үкіметінің басшыларына кешірім жасау туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 4 апрельдегі шешіміне қарамастан белгілі әдебиетшілер М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, сондай-ақ Ж.Аймауытов 1930 жылы және 1937–1938 жылдары социалистік заңдылықтардың тым өрескел бұзылуы жағдайында негізсіз қылмысты жазаға тартылып, контрреволюциялық, антисоветтік қызметпен айналыпты-мыс деген желеумен өлім жазасына кесілген болатын. Биыл Қазақ ССР прокуроры республика Жоғарғы сотының сот коллегиясына үкімді жоюды және аталған адамдардың әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауы себепті олар жөніндегі істі тоқтатуды талап еткен наразылықтар енгізген еді. Қазақ ССР Жоғарғы соты наразылықтарды республика прокурорының қатысуымен қарай келіп, оларды толық көлемінде қанағаттандырды. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытов жөніндегі істер тоқтатылып, олар ақталды. М.Жұмабаев қылмысты істердің бірі бойынша 1960 жылы-ақ ақталған болатын», «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің комиссиясы жеке адамға табыну кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған және социалистік заңдылықты бұрмалаудың құрбаны болған М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет деп санайды» [3], — деп атап көрсетілді. Ал, М.Дулатұлына қатысты қаулыда Амангелді өліміне Алаш қайраткерлері, соның ішінде Міржақып тікелей айыпты деген саяси догмаға құралған тарихи деректер терістелді: «Шындығына келсек, мұның өзі документтердің де, көзкөргендердің куәлігімен де дәлелденбеген. Сөйте тұра мұнан кейінгі жылдарда да публицистика, тарихи және көркем әдебиет, жеткілікті болмаса да, Алашорданың басшылық етуімен халыққа қарсы жасалған қиянаттың бәрін оның бір басына жапсыра бергендігі де анық. М.Дулатовтың аса бай шығармаларының мұрасына теріс көзқарастың қалыптасуына осындай пиғыл қатты әсер етті» [4]. Өз кезегінде қазақ әдебиеттануымен қатар тоталитарлық жүйеге танылған тарих ғылымы бойынша қабылданған қаулылардың күшін жоюы да қоғамдық жаңару үрдісін еселей түсті [6]. Атап

айтқанда қортындыда: «ВК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1920–1950-ші жылдары қабылдаған бірқатар қаулыларында республиканың сол кездегі қоғамдық-саяси жағдайына баға беруде, ұлттық мерзімдік баспасөз бен социалистік құрылыстағы ұлттық интеллигенцияның ролін түсіндіруде дөрекі қателіктер мен бұрмалауларға жол берілді, оларда қазақтан шыққан партия қызметкерлерінің атына ұлтшыл-уклонистер, буржуазиялық ұлтшылдар деген негізсіз айып тағылды» [6], — деп тұжырымдалды. Бұл құжат Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Б.Қаратаев, Н.Төреқұлов, С.Асфандияров, Ә.Ермеков, С.Садуақасов, Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов сынды тұлғалардың қоғамдық қызметін әділ бағалауға, ғылыми еңбектерін игеруге бетбұрыс жасады.

Ұлт азаттығына негізделген азаматтық ұстанымы, өнердегі эстетикалық мұрат-мақсаты кеңестік саясатпен мүлде үйлеспейтін отаншыл рухты әдебиет тұлғалары мен мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық, қоғамдық қызметін зерттеу — әдебиеттанудың тұтас тарихын жаңаша қарастыру, сол арқылы таным үрдісіне күштеп танылған қате теориялардан арылу міндеттерін жүктеді. 1989 жылдың 14 желтоқсанында Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің мәселелері» тақырыбында өткен ғылыми-теориялық конференция мақсаты да әдебиеттанудың келелі мәселелерін байыпты қарастырудан туындады. Ш.Сәтбаеваның «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері», М.Қаратаевтың «Шәкәрім Құдайбердиев және XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті», З.Ахметовтің «XX ғасырдың басындағы әдеби процесс және теориялық-методологиялық мәселелер», Ш.Елеуқеновтің «Батыс-шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев», Ж.Ысмағұловтың «А.Байтұрсынов пен М.Дулатов творчествосындағы идеялық-көркемдік ізденістер» атты баяндамаларында XX ғасыр басындағы ұлт әдебиеті тарихын кешенді зерттеудің басты міндеттері айқындалды. Мәселен, З.Ахметов Алаш арыстары мұрасының ақталуы әдебиеттануда ғасыр басындағы әдеби үрдісті қарастырудың әдістемелік негіздерін түбірлі қайта қарау, сан жылдар бойы үстем болып келген қасаң қағидалардан арылу, көркемдік дамуды

тарихи сабақтастық тұрғысынан саралау талабының туындап отырғанын: «Своеобразие казахского литературного процесса начала XX в. можно понять лишь в том случае, если рассматривать литературу в неразрывной связи с историческим развитием общества, важнейшими социальными событиями предреволюционных лет» [7,30], — деп түйді. Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов туындыларын арқау еткен Ж.Ысмағұлов қос тұлғаның ағартушылық қызметтерінің ерекшеліктері ел азаттығын көздеген қайраткерліктерімен біте қайнасқанын, соған сай шығармашылықтарында елдік пен ерлік дәстүрін жаңа заманға орай түрлендірген «...бостандық идеясын, әлеуметтік теңдік ұранын, соның жалынды азаматтық шарпуын халық жүрегінде қайта тұтатқан қажырлы күрескерлер» [8,49] болып табылатынын зерделеді. Мағжан поэзиясындағы Батыс, Шығыс әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көрінісін, әлемдік классикалық поэзиямен типологиялық байланысын талдаған Ш.Елеуенов ақынның жаңашылдық қырларына тән негізгі сипаттарды екшеп, «Абай үлгі алған батыс, орыс ақындарының қатарына ол Фет, Бальмонт, Мережковский, Брюсов, Блок сынды өз заманының поэзия дүлділерін қосты» [9,43], — деген пікір білдірді. Конференцияда «Қазақ» газетінің қоғамдық және рухани өмірдегі маңызын қарастырған М.Жармұхамедов, Ү.Субханбердина баяндамалары және де жарыссөзде сөз алған Т.Көкішев, С.Қасқабасов пікірлерінің де өзегі әдебиеттанудың келелі мәселелерінде қордаланған ғылыми проблемаларының түйіндерін шешудің бағыт-бағдарын айқындау болды.

Шөкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды әдебиет классиктерінің әр жанрдағы туындыларының, ғылыми зерттеулерінің жариялануы қоғамдық санада көркемдік танымның жаңа сипаттағы әдеби-эстетикалық тұғырының орнығуына соны тыныс берді. Сондықтан да проблемалық және танымдық сипаттағы мақалаларда Алаш ұранды әдебиеттің көркемдік дамудағы бағыт-бағдарының мәнін, ұлттық ерекшелігінің болмыс-бітімін таныту, әдебиет тарихындағы орнын айқындау басты орынға қойылды. Мысалы, шөкәрімтандағы «Білмедім Шөкәрімді кім атқанын...», Х.Ерғалиевтің «Біз білеміз ақынды кім атқанын», Н.Жанділдиннің «Шөкәрімді кім атты? Не үшін атты?», Ж.Балғабаевтың «Дос болып қас болғаннан сақта құдай немесе тағы Шөкәрім тағдыры

туралы», Б.Сапаралиннің «Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы» мақалалары ақын қазасының шындығын ашуды дйттеуімен, Ахат Шөкәрімұлының «Менің әкем, халық ұлы Шөкәрім», Көмила Қапарқызының «Жаралы жүрек жазылмай» атты естеліктері ақын өмірінің беймәлім қырларына қатысты тың деректерді қамтудағы маңызы зор болды. Ал, Ш.Құдайбердіұлы шығармашылық тұлғасының күрделі әлемі Қ.Мұхаметханов, М.Мағауин, М.Базарбаев, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, Х.Сүйіншәлиев, М.Жармұхамедов, Б.Әбдіғазиев, Т.Жұртбаев, Б.Байғалиев сынды ғалымдар тарапынан қарастырылды. Бұл мақалаларда ақын мұрасын зерттеуде атқарылар істердің бағыт-бағдары айқындалып, шөкәрімтану абайтану, мұхтартану ілімдерімен бірлікте байыпталды. Мысалы, Қ.Мұхаметханов «Шөкәрім», «Шөкәрімнің шежіресі» мақалаларында «Шөкәрім Құдайбердіұлы қазақ әдебиеті тарихында өзінің орнын алуы керек, шығармалар жинағы шығарылуы керек. Ақынның ғылыми өмірбаяны мен мұрасы жан-жақты терең зерттеліп жазылуы керек» [10,39], «Шөкәрім шежіресі қазақ тарихы үшін ешқашан маңызын жоймайтын еңбек. Өйткені Шөкәрім шежіресі Абайдың патриоттық идеясынан туған» деп түсіндірді. Ал, Ш.Сәтбаева «Шөкәрім Құдайбердиев» мақаласында Абай дәстүрін жалғастырушы, дамытушы Шөкәрім дүниетанымында тоғысып жатқан гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеялар зерделеніп, түрлі жанрдағы көркемдік ізденістеріне тән даралық сипаттары екшелді [11]. «Шөкәрімнің шеберлігін» Абай мектебінің көркемдік дәстүрі контекстінде қарастырған М.Мағауин ақын поэмаларының реалистік сипаты мен образ сомдау шеберлігіне тән ерекшеліктерін талдап, «Жаңа үлгі, жаңа сарындағы Абай поэзиясы қазақ қоғамына тың тыныс берді, соныдан соқпақ салып, жаңа мұратқа бағыт нұсқады. Ал ұлы ұстаздың шапағатын көрген Ақылбай, Мағауия, Шөкәрім, Көкбай, Әсет поэмалары ұлттық әдебиетті жаңа өріске бағыттады» [12,185] деп атап көрсетті. М.Базарбаевтың «Шөкәрім ақын» мақаласында ақын поэзиясының тақырыптық-идеялық арналары сараланып, лирикасының негізгі көркемдік ерекшелігі «бұрынғы дәстүр мен жаңадан ізденудің, бейнелеу амалдарының жаңа төсілін табудың анық айғағы. Абайдың реалистік дәстүрі мен көркемдік, шеберлік жаңалықтары бекітіп, өрі қара дамытқаны» [13,197] тұжырымдалды. Т.Жұртбаевтың «Ақ бостандық туғызған азаматтар» мақаласын-

да «Әділ мен Мария» романының психологиялық шиеленіс пен философиялық иірімдері, Б.Әбдіғазиевтің «Мен-дағы тіршілікке қадам бастым», «Шөкәрім Құдайбердиев поэмаларының дәстүрлі негіздері», «Ақынның асқақ үні» мақалаларында поэзиясының көркемдік нәрі, ақындық мұратының эстетикалық тұғыры айқындалды. Мәселен, «Ақынның асқақ үнінде» автор азаматтық асқақтық, поэтикалық пафос Шөкәрім поэзиясының негізгі идеялық қазығы болғанын өлеңдерін талдау арқылы дәлелдейді.

Алаш арыстарының шығармашылық тұлғасын сомдау, ұлттық сөз өнерінің тарихындағы қайталанбас суреткерлік және азаматтық қырларын негіздеуге әр буындағы әдебиетші ғалымдар атсалысты. А.Байтұрсыновтың шығармашылығы, әдеби мұрасы Р.Нұрғалиев, Ш.Сәтбаева, С.Қирабаев, Ж.Ысмағұловтың, Т.Кәкішев, Ж.Бектұров, З.Ақышевтің, А.Мектепов, Ғ.Әнесов, Б.Қойшыбаев, Б.Байғалиев, С.Негимов, Ә.Қайдаров, Т.Қордабаев, Р.Сыздықова мақалаларының арқауы болды. Мысалы, Р.Нұрғалиевтің «Алып бәйтерек» мақаласы А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметін, әдеби мұрасын, ғылыми зерттеулерінің әдебиеттанудағы құндылығын жүйелі қарастыруымен және де қазақ руханиятындағы биік тұғырын айқындаудағы тың тұжырымдарымен құнды. Ол алып тұлғаның толық өмірбаянын жан-жақты қарастыру, ахметтанудағы алғашқы құнды бағалаушылық пікірлерді жүйелеу, әдеби мұрасының қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік өміріндегі маңызын саралау, ғылыми еңбектері ұлттық әдебиеттану мен тіл білімінің ғылыми негізін қалағанын тарихи шындық тұрғысынан бағалауда көрініс тапқан [14]. Ал, С.Қирабаев А.Байтұрсынов поэзиясының тұтас әлеуметті оятудағы қуатты күшін, көркемдік танымға тигізген идеялық ықпалын дәстүр мен жалғастық тұрғысынан: «Ахмет «Масасы» талай елді оятты. Алдымен, ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті» [15,10] деп бағалады. А.Байтұрсынов еңбектерінің қазақ тіл білімінің негізін қалаудағы тарихи маңызы да әділ бағасын алды. Мысалы, А.Мектепов, Ғ.Әнесовтің «Ана тілін түрлеген Ахаң» мақаласында «қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппесін, тіл құралын, әдебиеттанушысын сыйлаған, қазақ филологиясы мен өнертануының негізін салушы ғалым» [16,9] екені тұжырымдалды.

М.Жармұхамедовтың «Қазақ», А.Сармурзин, М.Қойгелдиевтің «Халықтың жарық жұлдызы «Қазақ» газетінің шығу тарихынан» мақалалары Алаш арыстарының атқарған сан салалы қоғамдық қызметін ұлттық басылым ісін жандандыру, көсемсөздері негізінде танытса, Д.Досжановтың «Абақты» кітабының «Ахмет Байтұрсыновтың істі болу тарихы», «Мағжан Жұмабаев немесе ажалына асыққан адам», «Жүсіпбек Аймауытов», «Міржақып Дулатов» тараулары, Т.Кәкішевтің «Қағидаға айналған қателер түзелсе», «Қазақ зиялыларының тағдыр талайы», «Тұсаулы ой толқындары», Ғ.Ахмедовтың «Алаш – «Алаш» болғанда», А.Тасымбековтың «Көз жасына суарылған теректер» мақалаларының жариялануы сталинизм құрбаны болған ұлт зиялыларының тағдыр-талайына мұрағат деректері арқылы үнілуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар Р.Нұрғалиевтің «Әлихан Бөкейхановтың шығармашылық мұрасы», С.Аққұлыұлының «Әлихан Бөкейхан», «Әлихан – әдебиетші ретінде», Т.Жұртбайдың «Ел ардақтаған азамат», Д.Қамзабекұлының «Смағұл Садуақасұлының көсемсөз мұрасы», «Қазаққа қадірлі Қошқе», «Тарихты жазған, тарихта қалған тарланбоз» өзге де мақалалар ұлт санаткерлерінің тарихи ерен істерін тұтастықта танудағы тарихи танымға серпін берді.

XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің бірегей өкілі Ж.Аймауытовтың сан қырлы шығармашылығы Б.Кенжебаевтың «Телегей теңіз», С.Қирабаевтың «Қуатты қалам, күрделі тағдыр», Т.Қожакеевтің «Ұстаздық еткен жалықпас», Р.Нұрғалидың «Сегіз қырлы, бір сырлы», М.Атымұлының «Елі үшін күйген...», Д.Ысқақовтың «Ақбілек» әлемі», З.Ақышевтің «Жүсіпбек және оның Қартқожасы», Б.Майтановтың «Ақбілек» – психологиялық роман», Б.Құндақбаевтың «Театр өнеріне арналған тағдыр. Жүсіпбек Аймауытов драматургиясы туралы», Қ.Керейқұловтың «Ағысы күшті бір арна», Д.Әбілевтің «Жүсіпбек аға», Р.Тұрысбековтың «Жүсіпбек Аймауытұлының әдеби мұрасы» мақалаларында қарастырылды. Бұл мақалаларда Жүсіпбектің азаматтық ерлігі, түрлі жанрлардағы суреткерлік шеберлік қырлары, зерттеу еңбектері талданды. Мәселен, Б.Кенжебаев туған халқына адал қызмет атқарған суреткердің әлеуметтік өмірдегі азаматтық ерлігі мен өрлігін ашса, Т.Қожакеев ұстаздық, тәлімгерлік қызметін негізге ала отырып, фельетон, драмаларының сатиралық сипатын әрі сатира жанрына қатысты тұжырымдарын: «қазақ совет сатирасын тудырып, қалыптастырушылардың, ұлттық тұңғыш

сықақ журналын шығарушылардың бірі. Әрі халқымыздың күле білу қабілеті, сын-сықақтың кейбір сипаты, сырлары туралы алғаш пікір айтқан әдебиетші, бұл саланың да білікті насихатшысы» деген пікір білдірді. Ал, Б.Құндақбаев мақаласында театр өнеріне арнап жазған шығармалары қарастырылып, Семей қаласында он жылға жуық мерзімде ұлттық ойын-сауықтардың жетекші ұйытқысы болғаны, «Біржан мен Сара» спектаклін сахнаға қойған режиссерлік дарыны, домбыра, мандолинмен сүйемелдеу шеберлігі, сонымен қатар пьесаларының көркемдік әлемі кеңінен талданған. Зерттеушінің: «Әлем әдебиетінен хабары мол, олардың кейбір озық үлгілерін қазақшаға аударып жүрген автордың драматургияның жанрлық ерекшеліктеріне барынша көңіл бөлген. Пьеса жазумен айналысатын жазушының театр заңдылықтарымен жете таныс болуы шарт. Спектакльдер қойып, режиссурамен шұғылданып жүрген автор пьесаларының көркемдік һәм сахналық талаптарға толық жауап беруі – шынайы құбылыс» [17,167] деген бағасы Жүсіпбек таланың драматургия жанрындағы қайталанбас тұлғасының өзіндік қырын ашуымен құнды.

Б.Кенжебаевтың «Ұстаз», Ш.Елеукеңовтің «Мағжан», «Мағжанның ақырғы сотталуы», «Абай мен Мағжан», «Мағжан шығармаларындағы психологизм», «Мағжан мен Мұхтар», «Батыс-Шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев», Р.Нұрғалиевтің «Мөлдір сезім, биік парасат», Ж.Бектұровтың «Батыр Баян», «Мағжанның мұраларынан», Р.Бердібаевтың «Ақын тағдыры», Д.Ысқақовтың «Мағжанды қапасақамаған сын», Ғ.Қаһарманұлының «Мағжан поэзиясы жайлы», Б.Қанарбаева «Асыл мұра жайын ойласақ...», М.Әлімбаевтың «Мағжанды оқығанда» (эссе), Б.Дәрімбетовтің «Жүрегі таза, ойы азат», С.Негимовтың «Өлеңім менің Шолпаным, Айым, күнім», Ғ.Қайырбековтың «Мағжан туралы ой», М.Базарбаевтың «Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған...», Ө.Күмісбаевтың «Мағжан және әлем әдебиеті», Х.Абдуллиннің «Сұм өмір абақты ғой саналыға...» мақалаларына мағжантанудың келелі мәселелері негіз болды. Атап айтқанда, ақын поэзиясының поэтикасы, жаңашылдық ізденістерінің қазақ сөз өнерін жана көркемдік деңгейге шығарудағы сонылық сипаттарының өдіс-тәсілдері (романтизм, символизм, психологизм) қарастырылды. Мәселен, Р.Нұрғали зерттеу мақаласында ақын поэзиясындағы табиғат, махаббат лирикасының поэтикалық қуатын, символдық, мистикалық, фантастикалық сарындағы

өлеңдерінің күрделі табиғатын, поэмаларының ғажайып көркемдігін талдаулары соны өдістемелік сипатта көрініс тапқанын айрықша атап өту қажет. Соның барысында табиғат көріністерін бейнелеуде өлем поэзиясындағы классикалық тәжірибелерге ден қойған Мағжанның жаңа көркемдік игіліктер жасауда кескін өнері тәсілдері, сәуле мен көлеңкені ойнату, уақыт пен кеңістік диалектикасын көрсету, понарама, пләнер, өр түрлі ракурс, этюд, түрлі астастырулар принциптерін пайдалана отырып, махаббат лирикасының психологиялық иірімін, өлең өрімінде өлемдік поэзия үрдісін өсем ұштастырып, тың көркемдік бедерлер өрнектегені, эпикалық жанрда поэманың ықшам формаларын қалыптастырғаны нақты мысалдар негізінде талданып дәлелденді. Ал, Ш.Елеукеңов мақалаларында ақынның Абай дәстүрінен нәр алуы, шығармашылығындағы Батыс-Шығыс классикалық әдебиеті үрдісінің тоғысуы, символизм көріністері мен психологизм иірімдері кеңінен талданды. Ғалымның «Батыр Баян» поэмасын, «Шолпанның күнәсі» өңгімесін талдаудағы өдістемелік негіздерінің сонылығы да әдебиеттанудағы зерттеу бағытының тың бағдарын айқындайды. Сондықтан да «Шолпанның күнәсі» атты өңгіме, сөз жоқ, қазақ прозасының көркем дамуындағы ірі кадам, «Батыр Баян» поэмасын қосқанда, қазақ әдебиеті психологизміне соны дем бітірген шығармалар», – деген түйін терең зерттеуден туғаны анық.

XX ғасыр басындағы отарлық езгідегі қазақтың ояну ұранын ту етіп көтерген және де қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман авторы Міржақып Дулатов шығармашылығын зерттеудің де арнасы жаңа белеске көтерілді. Бұл ретте Б.Кенжебаевтің «Мірдің оғындай», Қ.Мұхаметхановтың «Міржақып Дулатов», Р.Нұрғалидың «Алаш» деп ұран салған», Ө.Тәжібаев «Халық деп соққан жүрегі», Ш.Елеукеңов «Тұңғыш романист», Ж.Ысмағұловтың «Міржақып Дулатов туралы сөз», А.Байтұрсынов пен М.Дулатов творчествосындағы идеялық көркемдік ізденістер», С.Мақырұлының «Міржақып Дулатов шығармашылығы», А.Мектеповтің «Халқын оятқан қаламгер». «Аманат» (естелік), Б.Байғалиевтің «Аймауытовтың әдеби бүркешік есімдері», З.Бисенғалиев «Бақытсыз Жамал» тағдыры», «Бақытсыз Жамал» романының көркемдік жүйесі», М.Әбсеметовтың «Ақынның азаматтық ажары немесе «Оян, қазақ!» авторы хақында бірер сөз», «Азамат ақын», А.Тасымбековтың «Міржақып Дулатов», Р.Батырбе-

кованың «Материалы о казахской литературе в трудах по востоковедению, издаваемых Лазеревским институтом восточных языков» мақалалары, Г. Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді», «Аманат» естеліктері М. Дулатов мұрасын, шығармашылығын тануда үлкен мәнге ие.

«Ерлік — ең алдымен елдік мінез. Елден туған ер ешқашанда адамзатқа сай тарихи шындықтарды аяқ асты ете алмайды, оған барлық халық ұстаз! Жеке озат адамдар ішіндегі қоғамдағы өз рөлін қандай биік бағаласа да, өз халқының, барлық халықтардың тарихи қозғалыстарға жан, қуат беретінін ұмыта алмайды. М. Дулатов та сол сияқты ерлердің бірі» [18,456], — деп бағалаған Ө. Тәжібаев М. Дулатовтың өлең жинақтарын, «Бақытсыз Жамал» романын, «Оқу құралын» қарастырып, олардың руханият өлеміндегі мән-мағынасын айрықша атайды. Өз кезегінде М. Әбсеметовтың «Азамат ақын» мақаласында отаршылдық қысымдағы ұлтты ояту мұратын өмірінің мақсаты деп білген ақынның «Оян, қазақ!» жинағының тақырыптық-идеялық арнасы, жинақтың патша цензурасына ұшырауы, қуғын-сүргін көрген тағдыр-ғалайы, абақты азабын шеккен жан күйзелісі қамтылды.

Алаш арыстарының әдеби мұрасын, шығармашылығын қарастырған мақалалар олардың азаматтық және қаламгерлік мақсаты қашан да ұлттық мұратпен тамырласып жатқанын тарихи шындық тұрғысынан ғылыми негізді бағалаумен құнды. Ол ХХ ғасыр басындағы Алаш ұранды ұлт әдебиетінің даму белестерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыруға, көркемдік ұласудың дәстүрлік негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Соның барысында қалам қайраткерлерінің барша саналы ғұмыры, қоғамдық және шығармашылық қызметі қазақ халқының мүддесі болғаны тұжырымдалды. Біріншіден, халықты ояту, отаршылдық танған құлдық санадан арылту арқылы азаттыққа жетуді көздеген ұлт санаткерлерінің озық идеялары тәуелсіздігімізді нығырлаудың түп қазығы болып қала беретіні айқындалды, екіншіден, қазақ сөз өнерінің классикалық үлгілері саналатын әр жанрдағы туындыларының халық игілігіне айналып, зерттеу нысанына алынуы рухани құндылықтарға жаңа рух дарытты. Қоғамдық санада көркемдік танымның соны сипаттағы әдеби-эстетикалық тұғырының орнығуына кең тыныс берді. Әдебиеттанудың алаштануға бетбұрыс жасауы, түптеп келгенде, ұлттың тарихи жадын жандандырды, өткеніне үнілуге, болашағын бағдарлауға түбегейлі жол ашты. Проблемалық мақалалардан бастау алған

рухани үрдіс әдебиеттануда Алаш арыстары мұрасының жеке жинақ болып жариялануы, арнайы монографиялық, диссертациялық зерттеу нысанына алынуы, оқулықтар мен бағдарламаларға енуі барысында жаңа өріске бет алды. Ең бастысы, шөкәрімтану, ахметтану, міржақыптану, жүсіпбектану, мағжантану сынды ілімдер әдебиеттанудың және қоғамтанудың басты да келелі өзегіне айналды.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ әдебиеті. 1988. 15 сәуір.
2. Қазақ әдебиеті. 1988. 23 желтоқсан.
3. Қазақ әдебиеті. 1989. 6 қаңтар.
4. Қазақ әдебиеті. 1989. 28 шілде.
5. Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысы // Қазақ әдебиеті. 1989. 15 желтоқсан.
6. Жасанды тарихтан — шынайы тарихқа ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті, Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 20-40-шы жылдар мен 50-ші жылдардың басында идеология, тарих және республиканың тарих ғылымы мәселелері бойынша қабылдаған кейбір қаулылары туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеологиялық Комиссиясының қорытындысы // Қазақстан коммунисті. 1991. № 10. 29—36-бб.
7. Ахметов З. О своеобразии казахского литературного процесса начала XX века // Известия АН Каз ССР. Серия филологическая. 1990. № 2. С. 30-41.
8. Ысмағұлов Ж. А. Байтұрсынов пен М. Дулатов творчествосындағы идеялық-көркемдік ізденістер // Қазақ ССР Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1990. № 2. 48—53-бб.
9. Елеукенов Ш. Батыс-Шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев // Қазақ ССР Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1990. № 2. 41—48-бб.
10. Мұхаметханов Қ. Шөкәрім // Бес арыс. Алматы: Жалын, 1992. 544-б.
11. Сәтбаева Ш. Шөкәрім Құдайбердиев // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филология сериясы. 1988. № 3. 3—20-бб.
12. Мағауин М. Шөкәрімнің шеберлігі // Жұлдыз. 1988. № 10. 178—186-бб.
13. Базарбаев М. Шөкәрім ақын // Жұлдыз. 1989. № 12. 192—197-бб.
14. Нұрғалиев Р. Алып бөйтерек // Қазақ әдебиеті. 1989. 21 сәуір.
15. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1991. № 1. 3—10-бб.
16. Мектепов А., Әнесов Ф. Ана тілін түрлеген Ахан // Жалын. 1989. № 2. 9—15-бб.
17. Құндақбаев Б. Театр өнеріне арналған тағдыр Жүсіпбек Аймауытов драматургиясы туралы // Жұлдыз. 1990. № 11. 162—171-бб.
18. Тәжібаев Ә. Халық деп соққан жүрегі // Бес арыс. Алматы: Жалын, 1992. 544 б.